**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**І -апта**
**Білім беру ұйымы**:
**Топ/сынып:МАД**
**Балалардың жасы:** **5-6 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2.10-6.10.2023 оқу жылы**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **2.10.2023 ж**<br>**Дүйсенбі**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қоршаған орта**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **3.10.2023ж**<br>**Сейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **4.10.2023ж**<br>**Сәрсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Дене шынықтыру** | **5.10.2023 ж**<br>**Бейсенбі**<br>**Сауат ашу**<br>**Математика**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Дене шынықтыру** | **6.10.2023 ж**<br>**Жұма**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған орта**<br>**Шығармашылық (құрастыру,сурет,мүсіндеу, жапсыру)**<br>**Музыка** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгімелесу. Балалармен сәлемдесу. Көңіл- күйлері мен қалай демалғандары туралы сұрау | Балалармен сәлемдесу. Дене қызуын өлшеу | Ата-анамен әңгімелесу. Баланың отбасымен қарым-қатынасын сұрау. | Сәлем, көңіл-күйің қалай? Балалармен көп әңгімелесуге кеңес беру | Балалармен сәлемдесу. Балалардың сабаққа деген ынтасын сұрау |
| Жаттығу | Кешенді жаттығу №3 | Кешенді жаттығу №4 | Кешенді жаттығу №5 | Кешенді жаттығу №6 | **Бейнетаспа арқылы жаттығу жасату** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Кітап бұрышына саяхат»**<br>**Міндеті** қабырғасындағы кітапханамен таныстыру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру | **Қимылды ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер»<br>**Қажетті құралдар:** 4 түрлі-түсті жалауша<br>Ойын барысы: Жалаушалар балаларға таратылады.Мұғалімде барлық жалау түстері болады.<br>Мұғалім; Жалаушаны көрсетіп «Жүгіріңдер» дейді. (Тәрбиешінің жалауына сәйкес түсі бар балалар ғана жүгіреді) | **«Санамақтар жаттау»** | **Суретпен жұмыс**<br>**«Жыл мезгілдерін ажырат»** | **Үстел үсті ойыны:**<br>Конструктор ойыны<br>Еркін ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сөйлемді жалғастыр»<br>**Мақсаты :**Тапсырманы мұқият тыңдауға,сөйлемді жалғастыра білуге, тапқырлыққа баулу<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Мадақтау» әдісі<br><br>**2. Қоршаған ортамен таныстыру (жаратылыстану)**<br>**Міндеті:**<br>Туыстық байланыстарды түсіну(өз жұрты,атасы мен әжесі, жақын туыстары ,нағашы жұрты).<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>әңгімелесу, түсіндіру, миға шабуыл, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, топтық жұмыс (отбасы туралы әңгіме)<br>**Дидактикалық ойын:** | **1.Сауат ашу**<br>**Міндеті:**<br>Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі<br>**Дидактикалық ойын: «Телефон»**<br>**Мақсаты**: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру,диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Лүпіл» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>1.Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі,өлшемі,пішіні,дыбысы,қимылы, қолданылуы бойынша заттардан)құру<br>2.Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** ашық сұрақ, сәйкестендіру, тақырыптық суреттер, өзіндік жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:** | **1.Сауат ашу**<br>**Міндеті:**<br>Диалог жүргізуге,өз пікірін айтуға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Мамандықтың бәрі жақсы<br>**Мақсаты**: Балаларды әртүрлі мамандықпен таныстыру. Еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Мамандықтар құралы» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Бүтін жиын оның әр бөлігі арасында байланыс орнату<br>**Әдіс-тәсілдер:** ашық сұрақ, сәйкестендіру, тақырыптық суреттер, өзіндік жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Заңдылығын тап»<br>**Мақсаты:** Балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Көңілді смайликтер» әдісі | **1.Сауат ашу**<br>**Міндеті:**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, ашық микрофон, түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақтар, «Ой қозғау» әдісі топтастыру<br>**Дидактикалық ойын:**<br>««Жеке атауын ата»<br>**Мақсаты:**<br>Көкөністердің аттарын жеке-жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата білу. Жалпы мен жеке атаудың мағынасын түсіндіру<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді көкөністер» әдісі<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің(заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** ашық сұрақ, тақырыптық суреттер, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Адасқан цифрлар»<br>**Мақсаты**: баланың ойлау жылдамдығын арттыру<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Бестік баға» әдісі | **1.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Шығармалардың мазмұнын түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, таныстыру,сұрақ-жауап, тақырыптық суреттер, жұптық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Сөзге сөз қос»<br>**Мақсаты**: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастыру арқылы баланың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Бағдаршам» әдісі<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру (жаратылыстану)**<br>**Міндеті:**<br>Өзінің жеті атасын білу<br>**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелесу, түсіндіру, миға шабуыл, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс,<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Кім жылдам?»<br>**Мақсаты**: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың сөздік қорын молайту<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді смайликтер» әдісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің отбасым ең...»<br>Мақсаты: Отбасы туралы жақсы сөздер айтуға үйрету<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Мадақтау» әдісі<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Тілдік артикулляциялық аппаратты , тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, таныстыру, сұрақ-жауап, тақырыптық суреттермен жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Мақсаты**:Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі сөйлеуге дамыту<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Мадақтау» әдісі<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:Жүру**;<br>Заттардан бір қырымен аттап өту<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>бақылау, түсіндіру, | «Танып ал да, атын ата»<br>**Ойынның мақсаты**: заттың түр-түсін,пішінін,атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту;ойлау қабілетін дамыту<br>**Кері байланыс, рефлексия: «**Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппараты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>**Әдіс-тәсілдер:** ашық сұрақ, сәйкестендіру, тақырыптық суреттер, өзіндік, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Кім көп нәрсені көреді?»<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықтың сыртқы бейнесін сипаттап айта білуге үйрету<br>**Кері байланыс, рефлексия: «**Лүпіл» әдісі<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен оның | **3. Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу..<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Қайта сұрақ-жауап арқылы еске түсіру, түсіндіру, ойлау, топтық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Орнын тап»<br>**Мақсаты:** Балаға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суретпен таба білуге үйрету. Өз бөлмесіндегі мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Тепе-теңдік сақтау:Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен жүру<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>бақылау, түсіндіру, ойын, жұптық<br>**Қажетті құралдар:**<br>кедергілер,орындық<br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кімнің тобы тез жинақталады?»<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**От шашу» әдісі | **3. Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, таныстыру,сұрақ-жауап, тақырыптық суреттер, жұптық жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сандық»**<br>**Мақсаты:**Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Бас бармақ» әдісі<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Секіру: бір орында тұрып,алға қарай 3-4 метр қашықтықта жылжу арқылы секіру..<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>бақылау, түсіндіру, ойын, топтық жұмыс<br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:** «Доп»<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**От шашу» әдісі | **4. Шығармашылық (құрастыру,мүсіндеу, сурет,жапсыру)**<br>**Құрастыру**<br>**Міндеті:**<br>**1.**Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру:ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа,өз бетінше ойдан құрастыруға,құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>2.Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату<br>**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелесу, түсіндіру, көрсету,миға шабуыл, сұрақ-жауап, мүсіндеу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Пайдалы және зиянды» заттарды себетке бөліп сал<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**4. Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күймен байланыстыра білуді қалыптастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын<br>**Қажетті құралдар:** кедергілер<br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:** «Секіріп жүріп доп ұстау»<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Мадақтау» әдісі | көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелесу, ашық сұрақ, бейнежазба<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Жеңіл би»<br>**Ойындар, хороводтар:** «Етек-етек» ән-ойын<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Бас бармақ» әдісі | | | бейнежазба<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би»<br>**Ойындар, хороводтар:** «Етек-етек» ән-ойын<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>**«**Бас бармақ» әдісі |
| **Серуен** | Мектеп кітапханасына серуен | Мектеп ауласындағы ағаштардың жапырағының түсуін бақылау | Күзгі желге бақылау жасау | Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау | Мектеп ауласында әртүрлі ойындар ойнау |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Сау болыңыз!<br>Балалардан күні бойындағы жетістіктері жайында айту. | Кездескенше!<br>Ата –аналарға балалармен әр-түрлі тақырыпта диалог жүргізуді тапсыру | Ертеңге дейін,...!<br>Ата-аналарға баланың бөлмесін, өзінің киімдерін жинауды үйретуге кеңес беру | Амандықта жолығайық!<br>Үйге:Жеті атасын жаттату | Жақсы демалыңыздар!<br>Ата-анамен тығыз байланыста болу. |